

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 192 (9254) | 1953 жылғы 23 сентябрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Кәсіпорындарын қысқа үлгілі әзірлейік

Партиямыз бен үкметіміз таяудағы 2—3 жыл ішінде халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының молшылығын жасап, халықтың бұл жөніндегі қажетін барынша толық қанағаттандыру міндетін алға қойып отыр. Халық тұтынатын бұйымдарды өндіруді ұлғайту күресінде социалистік өнеркәсіп жұмысшыларының атқаратын ролі өте-өте зор. Жоғары техника негізінде өркендей отырып, біздің өнеркәсібіміз сағат, күн, ашта және ай сайын жұмысты үздіксіз істеуге, өндіріс техникасы мен технологиясын үнемі жетілдіріп отыруға, өнім шығаруды ұлғайтуға, оның сапасын жақсартуға, түсер құнын көтеруге тиіс.

Біздің кәсіпорындарымыздың жаз жағдайында ғана емес, бүкіл жыл бойына, қатаң қыс жағдайында да үздіксіз, өнімді жұмыс істеуіне толық мүмкіншілігі бар. Олар жоспарлы түрде өнімді жұмыс істеуге отында, шикізат пен материалдарды жеткілікті және қорегінен алып отырады. Демек, істің тегігі — осы күш-мүмкіншіліктерді дұрыс және тиімді пайдалана білуде ғана.

Кәзіргі уақытта облыстың барлық өнеркәсіп орындары мен темір жол транспорты үшін кезек күттірмейтін басты міндет — қысқа барлық жағынан үлгілі әзірлену болып табылады. Өйткені, қысқы айларда өнімнің көп және сапалы шығарылуы ең алдымен өнеркәсіп орындарының күннің суығында, боран-шапқында жұмыс істеуге қалай әзірленгендігіне байланысты. Сондықтан әрбір кәсіпорындарында отын мен материалдарды осы күннен қысқа жетерлік етіп дайындап алу, өндіріс үйлерін, жабдықтарды мезгілімен тыңғылықты жөндеуден өткізу керек.

Облыстың бірқатар озат өнеркәсіпорындарының коллективтері 1953 жылғы жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде. Осымен бірге мұндай кәсіпорындары ертеңгісің де ойлап, қысты күні жұмыс істеуге үлгілі әзірленуде. Бұлттыр қаладағы былғары заводы, темекі фабрикасы қыс жағдайында жұмыс істеуге жақсы әзірлік жүргізді. Соның нәтижесінде бұл кәсіпорындары өткен қыста өнімді үздіксіз шығарды. Бұл кәсіпорындарының коллективтері қыс жағдайында жұмыс істеуге бейім да тыңғылықты әзірленуде.

Қыс жағдайында жұмыс істеуге шойын күйо-таразы заводы да баяу әзірленуде. Мұнда әсересе, жұмыс орындарын жөндеп, жылыту ісі қанағаттанғысыз.

Электр станцияларын қысқа үлгілі әзірлеудің зор маңызы бар. Олар қысқы маусымға мезгілімен әзір етіліп, өнеркәсіп орындарын электр қуатымен мінсіз қамтып отыруға тиіс. Демек, өнеркәсіп орындарының қысты күні үздіксіз жұмыс істеп, өнімді көп шығаруы елеуір дәрежеде электр станцияларының тыңғылықты жабдықталуына байланысты. Қалалық жылу электр станциясының басшылары қысқа отын қорын жеткілікті дайындап алуға және жабдықтарды мезгілімен жөндеуден өткізуге тиіс еді. Алайда, жылу электр станциясында жағдай бұған керісінше болып отыр. Станцияның қысқа әзірлігі өте баяу. Мұнда жылыту қазанын жөндеудің мерзімі өтіп барады. Бұл жұмыс таяу күндер ішінде аяқталатын да емес. Ал, қазанды жөндеудің жөндеуідетілуі жылу электр станциясында басқа күрделі жөндеу жұмыстарының шабан жүргізілуіне әкеліп соғып отыр.

Қыс жағдайында теміржол транспортының жұмысы қиындайды, сонымен бірге оның жұмысшыларына деген талап та күшейеді. Бұлай дейтініміз — кәсіпорындарының қысқы маусымда тоқтаусыз іске қосылуы, көбінесе, теміржол транспортының бірқалып жақсы жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Кәсіпорындарының өздеріне қажетті отынды, шикізат пен материалдарды темір жол транспорты арқылы жеткізіп алатыны белгілі. Ал, мұндай зор міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін темір жол транспорты коллективінің өзі қысқы маусымда жұмыс істеуге тыңғылықты әзірленуге, кәсіп орындарына жүк-ті мезгілімен жеткізіп отыруға тиіс. Петропавл темір жол бөлімшесінің коллективі өткен жылы қысты күні жүк тасуға нашар әзірленді. Бұл неге әкеліп соқты? Мұның ақыры белімшеде поездар жүрсеі графигінің қанағаттанғысыз орындалуына жол берді, машинистер локомотивтерін мезгілісіз жөндеуге қойды, отынды мөлшерден артық жұмсады.

Алайда, өткен жылдың осындай кемшіліктерінен теміржолшылар тиісті қорытынды шығармай отыр. Белімшеде қысқа әзірлік бейім да баяу жүргізілуде. Паро-

## Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету үшін күресті күннен-күнге кең өрістетейік!

### Пленум қаулылары жүзеге асырылуда

#### МТС-қа жұмысқа барамын

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы совет еңбекшілерінің әл-ауқатын және мәдени дәрежесін онан әрі жақсартудың, колхоздар мен совхоздар шаруашылығын барынша өркендетіп, шынайылық жаңа перспективаларын ашып берді.

Бұл қаулыда ауыл шаруашылығында осы уақытқа дейін орын алып келген кемшіліктерді атап көрсетіп, көптеген МТС-тер мен колхоз, совхоздар ауыл шаруашылығының маман кадрларымен толықтырылмай келе жатқандығы, әсересе, жоғары білімі бар көптеген мамандардың басқару орындарында ғана болып, кейде ауыл шаруашылығы өндірісінен қол үзетіндігі айтылған.

Мен 1934 жылы Москвадағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылық Академиясының агрономия факультетін бітірген едім. Оның бер жағында 14 жыл бойы ауыл шаруашылығында істен келемін. Соңғы бес жыл бойы облыстың ауылшаруашылығы және дайындау басқармасында агрономдық қызмет атқарып жүрмін.

Бұл уақыттар ішінде мен МТС пен колхоздарда тікелей жұмыс істеу мақсатын енуақытта жадыман қалдырғаным жоқ. Ал, СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын оқын түсінгеннен кейін, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету күресінің қызу орталығы — колхоз бен МТС-те жұмыс істеу маған лайық іс екендігіне менің өбден көзім жетті. Өйткені, мен облыстың ауылшаруашылығы және дайындау басқармасында көбіне тек қатынасқағаз жазумен шұғылдануға мәжбүр болдым, ал, ауылшаруашылық өндірісінде тікелей жұмыс істеуім — Отанымға әлде қайда зор пайда келтіруіме мүмкіншілік берді.

Шынында, ауылшаруашылығын онан әрі өркендету — Коммунистік партияның кәзіргі алға қойып отырған басты міндеттерінің бірі. Ал, партия алға қойған мін-

#### Жаңа бағалар бойынша

Облыстың дайындау ұйымдары осы жылдың 1 июлінен кейін колхоздардың мемлекетке тапсырған мал шаруашылығы өнімдерінің есебін шығаруға кіресті. Бұл жұмыс мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу жөнінде үкмет тағайындаған жаңа бағаларға байланысты қайра есеп жасау үшін жүргізілуде.

Қайра есеп жасасудың нәтижесінде колхоздар мемлекетке июль және август айларында тапсырған сүт, ет, жүн және мал шаруашылығының басқа да өнімдері үшін қосымша көптеген кіріс алуға. Мәселен, Петропавл ауданындағы Киров атындағы колхоз 20 мың сомнан астам қосымша ақша алады. Осы ауданның Сталин атындағы колхоздың июль және август айларында тапсырған мал шаруашылығы өнімдері үшін алатын қосымша қаржысы 50 мың сомнан асып отыр.

Кәзір дайындау орындарында мал шаруашылығы өнімдері жаңа көтеріңкі бағалар бойынша алынуға. Мал шаруашылығының кірісі бірінші жартыжылдыққа қарағанда, көзір, бірнеше рет өсті. Демек, ауылшаруашылық артельдерінің әрбір сыйыр малынан көретін пайдасы бұрынғыдан 6 есе артық болып отыр.

Бұйым мемлекетке тапсырған және сатқан мал шаруашылығы өнімдерінен, жаңа бағалар бойынша, Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозы 120.000 сом қосымша табыс алатын болады. Бұл колхоздың 1952 жылы мал шаруашылығынан түскен табысының төрттен үші болып табылады. Ал, Булаев ауданындағы «Питант» колхозы жаңа бағалар бойынша 200.000 сомға жуық пайда таппақ.

Алдың ала жасалған есеп бойынша облыстың колхоздары мен совхоздары тапсырылған мал шаруашылығы өнімдеріне, оның ішінде картошка тағайындалған жаңа бағаларға байланысты 13 миллион сомға жуық қосымша кіріс алады.

#### Жаңа техникалар

дәріге жұмыстың жаңа түрлерін, мелиоративтік жұмыстарды орындауға мүмкіндік берді.

Облысқа жаңа техникалар белгіленген мерзімнен бұрын келуде. Осы жылдың төртінші тоқсанында жіберілуге тиісті қуатты тракторлар кәзірдің өзінде жергілікті жерлерге келіп, жұмысқа қосылды. Үшінші тазарту механизмдерімен жабдықталған ондаған комбайндар мерзімінен бұрын келді. Шөп шабу науқаны кезінде жүздеген өздігінен жүретін шөп шабатын машиналар, кеңалымды тракторға тіркелетін кеңалымды тырнауыштар шөп шабу науқанына дәл келді. Зябь жырту жұмысына 105 қорпусы жаңа плугтер пайдаланылуда.

Бірсыпыра техникалар, соның ішінде картоп отырғызатын машиналар жолда келе жатыр.

#### Маман кадрлар

Облыстың МТС-тері мен колхоздарына маман кадрлар көптеп келуде. Образцова МТС-не ауылшаруашылық жоғары білімі бар екі маман келді. Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын бітіріп шыққан Қожасов жолдаас станцияның бас агрономы, ал Алматыдағы қазақтың ауылшаруашылық институтын бітіріп шыққан Коломыцев жолдаас бас инженер болып белгіленді.

Коновалов МТС-і де маман кадрлармен толықтырылды. Кәзір мұнда қазақтың ауылшаруашылық институтын бітірген Верещтайн бас инженердің міндетін атқарады. Тимирязев атындағы академияда тәрбиеленген Әуелбеков — МТС-тің бас агрономы.

Арнаулы жоғары оқу орындарында оқыған мамандар облыстың басқа МТС-теріне жіберілуде. Облысымызға жоғары және орта дәрежелі ауылшаруашылық оқу орындарын бітірген 107 жас мамандар келді. Бұлар — агрономдар, инженерлер, механиктер, зоотехниктер, мал дәрігерлері. Жас мамандардың ішінен Совет ауданына — 12 адам, Октябрь ауданына — 10 адам, Ленин және Преснов аудандарына — 9 адамнан жіберілді.

селен, Чистов совхозында кейбір участка-тердің әрбір гектарынан 200 центнерге дейін өнім жыйналды. Совхоз 8 мың центнер жүгері сүрледі. Бұл совхоз сүрленетін жүгерінің тұқымын өсіру жөнінде тиісті жұмыстар жүргізуде.

Киров атындағы совхоз жүгеріден мол өнім жыйнады. Совхоз сүрленетін жүгері егісінің көлемін келешекте еселеп арттырмақ. Шағлы совхозы да жеміштілік дақылдың бұл түрін еселеп арттырудың қажетті шараларын белгілеуде. Сүрленетін жүгері Преснов, Токшын совхоздарында және басқа да шаруашылықтарда бар.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздары сүрленетін жүгері егісін алдағы жылы еселеп арттыратын болады.

#### Әрбір сыйырға 7,5 тонна сүрленген шөп

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында әрбір колхоз бен совхозда сыйыр басына көмінде 5-6 тонна шөп сүрлеу міндеті қойылған.

Бұл міндетті Булаев ауданындағы Чистов астық совхозы бірінші болып орындауда. Совхозда 6 мың тоннадан астам шөп сүрленді. Бұл — сүт товарлы фермаларындағы 800 сыйырдың әрқайсысына 7,5 тоннадан сүрленген шөп бар деген сөз.

Бұл табыстар сауын сыйырларды күнарлы азықпен қамтамасыз ету үшін жүргізілген қажырлы күрестің нәтижесі. Совхоз шөп сүрлеу мақсатымен күнбағыс, жүгері және басқа дақылдардың өгіс көлемін ұлғайтып, мол өнім жыйнады. Сүрленетін дақылдардың өгіс піскенге дейін совхоз уақытты дұрыс пайдаланып, табиғи шөптерді көп сүрледі. Сүрленген шөптің көп болуы үшін совхоз сүрлейтін шөптердің орнын екі есе кеңейтті. Траншейлерді қауу жұмысы арнаулы жер қазатын машиналар мен орындалды. Совхоз мал азығын дайындау жұмысының барысын күннен-күнге қызыра түсуде.



кәсіпорындарының қысқа әзірлеу және келтірілу маңызы зор. Кейбір шаруашылық басылары кәсіпорындарының қысқа әзірлеуінде жұмыс істеуге әзірлеуге осы күнге дейін жеткілікті мән бермей, бұл істі төгексіз артта қалдырып отыр. Қысқа әзірлеудің қалса да, облыстың бірнеше кәсіпорындарының басылары өндіріс үйлерін, құрал-жабдықтарды жөндеуді, отын мен материалдарды дайындауды әлі күнге дейін ұйымдастырмай отырғаны, міне, осыны көрсетеді. Әсіресе, спирт заводының қысқа әзірлігі тым нашар. Өндіріс үйінің көп бөлшектері әлі жөнделіп болған жоқ. Сыра заводында да жағдай дәл осындай. Мұнда қысқа әзірлік жұмыстарының тағайындалған графигі үнемі орындалмай жүр.

Қысқа әзірлік жергілікті және отын өнеркәсібіне қарасты Петропавл мебель жасау комбинатында да нашар. Комбинат үйі бұйым күрделі жөндеуден өтуге тиіс еді. Бірақ, ол әлі жөнделіп бітпеген емес. Сол сияқты, мұнда отын мен материалдар да жеткіліксіз. Комбинат директоры Бысов жолдас үйі тез жөндеп бітіріп және қажетті материалдар мен шикізатты осы күннен мол дайындан алып, қысқы маусымда тоқтаусыз жұмыс істеуге жетісу жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамай отыр.

Өткен жылы облыстық кәсіпшілік Советінің Панфилов атындағы, «Друг колхозарий» сияқты кәсіпшілік артельдері қысқа нашар әзірленді. Отын мен материалдар жеткілікті дайындалып алынбады. Жұмыс орындары мен өндіріс жабдықтары қысқа жағдайына лайық жөндеуден өткен жоқ. Бұл өнім шығаруға керісінше әсер етті. Қысқы маусымда аталған артельдер өнімді өздерінің мүмкіншіліктеріне сай шығара алмады. Мұның өзі кәзір жылдық өндірістік жоспардың қанағаттанғысыз орындалуына өкеліп соғып отыр. Алайда, бұл кәсіпорындарының, әсіресе, Панфилов атындағы артельдің басылары өткен жылдың мұндай кемшіліктерінен әлі күнге тиісті қорытынды шығармай келеді. Артельде қысқа әзірлік жұмыстарының осы күнге дейін қолға алынбай отырғанын тек осымен ғана түсіндіруге болады.

### „Сталинградгидростройдың“ құрылыс аландары

СТАЛИНГРАД. (СОТА). Варваров су қоймасынан, колхоздардың егіс даласынан Сталинградқа астық және өмшө тиеген машиналар ағылуда. Бұл мұнда қала іргесіндегі суармалы жерлерде құрылған өмшө-картон базасының алғашқы өнімі.

Варваров су қоймасының базасында «Сталинградгидрострой» коллективі суару жүйесін құруда. Жаздың өзінде өздігінен ағатын бас канал қазылып, оған су толтырылған болатын. Суды тұрақты суарғыштарға айдап тұратын насос станциясының құрылысы басталды.

Генералов суару жүйесінің құрылысышылары 50 километрлік бас каналды зейнет-

теу және баған депозитарийда осы күнге дейін негізгі цехтар жөндемей, ашық-тегіс күйінде тұр. Сол сияқты, Петропавл жол құрылысы тресінің құрылыс участогі жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үйлерін жөндеуді де тым ұзаққа созуда. Қыс күндерінде поездардың график бойынша қауышсыз жүруін қамтамасыз етуде темір жолды қар басудан сақтаудың маңызы ерекше зор. Осылай бола тұрада, Петропавл жол бөлімшесінде жолды қар басудан алдын ала сақтау жөнінде ешбір шаралар жүзеге асырылмай келеді. Жол бойында қар тоқтатып қалқандар, бөтелкелер жасау ісі ешбір жүргізілуде. Бұл жөнінде жолшыларға мезгілінде тапсырмалар беріліп отырылмайды.

Қыстың түсуіне санаулы ғана күндер қалды. Петропавл темір жол бөлімшесі кәсіпорындары, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының негізгі міндеті — қалған уақытты тиімді пайдаланып, жол жөндеуді мезгілінде және үлгілі аяқтау, барлық өндіріс үйлерін қысқа жақсы жабдықтау, сөйтіп, паровозшылардың және барлық теміржолшылардың қысқы маусымда үздіксіз өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қысқы маусымда жұмыс істеуге әзірлік — мемлекеттік маңызы зор іс дедік. Сондықтан бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастыру, сол арқылы кәсіпорындарының қысқа жағдайында да өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету — әрбір кәсіпорны үшін өндірістік тапсырманы мінсіз орындаудың басты шарты. Олай болса, кәсіпорындарының басылары және партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары қысқа әзірлік жұмыстарының қай саласына болсын бақылауды күшейтіп, оның мезгілінде және ойдағыдай аяқталуына, тағайындалған өндірістік жоспардың әрбір цех, әрбір участок бойынша толық орындалуына жетісуге тиіс. Бұл міндеттерді мезгілінде, ойдағыдай жүзеге асыру өнеркәсіп орындарында өндірістік жоспарларды ойдағыдай орындап, қалықтың әл-ауқат дәрежесін онан әрі жақсарту беруге қолайлы жағдай туғызады. Кәсіпорындарының партия ұйымдары қысқа жағдайында жұмыс істеуге әзірлікті үлгілі аяқтауға жұмысшылардың күш-жігерін жұмсай білуге тиіс.

теуге кірісті, ол канал Котельников және Ворошилов аудандарының колхоздары мен совхоздарының 12 мың гектар жеріне су беретін болады. Пимлян теңізінен су алып, оны егіс даласына жіберу үшін алдымен суды 40 метр биікке көтеру керек. Бұл үшін каналдың бастауы жерінде қуатты насос станциясы мен диаметрі 2 метр трубалары бар 2 километрлік труба жолы салынуда. Мұнымен қатар, бірнеше колхоздардың егіс даласында суды шаруашылықтарға бөлетін орындар құрылуда.

Таяу жылдардың ішінде «Сталинградгидростройдың» коллективі 125 мың гектар егіс алаңын суаруға әзірленуге тиіс.

### ТУҒЫШ БЕТОН ҚҰЙЫЛДЫ

Тригорьевтің коллективі үздік алда келеді. Бетон әзірлеу және құю толығынан механикаландырылған. Ерітіндіні тасымалдау үшін құрылыстар орасан зор респектермен жабдықталған.

**КУЙЫШЕВ СЭС-нің ҮЙІНЕ**  
ЖИГУЛЕВСК. (Куйбышев облысы). (СОТА). Куйбышев СЭС-нің құрылысында су электр станциясы үйінің бірінші блогына бетон құю аяқталды. Мұнда 2,5 миллионнан аса текшеметр бетон құю керек. Бетон құю жұмыстарында прораб В.

детті жұмыссыз орындау — ол үшін еңбектің қайнаған орталығында жұмыс істеу — әрбір совет азаматының қасиетті борышы.

Мен жуырда өзімнің МТС-те жұмыс істеуіме рұқсат етуін сұрап, облыстық ауылшаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы Смеляненко жолдасқа арыз бердім.

МТС-та жұмыс істеу кәсіметімнен алда қайда ауыр болатынын түсінемін. Бірақ, мен осы қиыншылықты жеңу жолында колхоз, совхоз еңбекшілерімен тізе қосып еңбек ететініме, сөйтіп, кәзіргі басты міндет — ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету күресіне өзімнің үлесімді қосатыныма шексіз қуаныштымын.

Агронсн — Н. БАЛАШЕВ.

# Шығыс Советтік Қазақстанда

## Қаратал алқабында күріш жыйналу

ҮШТӨБЕ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Күріш плантацияларында күріш жыйнау жұмыстарының қарқыны арта түсуде. Қаратал алқабының колхозшылары бұйыл өткен жылдан екі есе жоғары өнім өсірді. Әсіресе, қатарлы өдіспен тұқым себілген учасоктерде күріштің өнім өте жақсы. Дзержинский атындағы, «Ленинский путь» колхоздарында тұқым қатар өдіспен себілген учасоктерде әр гектардан 40—45 центнер күріш алынуда.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарын талқылай отырып, Дзержинский атындағы ауылшаруашылық артелинің күрішшілері тәжірибеде өзін ақтаған үдемелі өдісті қолдана отырып, мемлекетке күріш тапсыру жоспарын 1 октябрьге орындауға уәде берді. Колхоз облыста бірінші болып, мемлекетке 220 центнер күріш тапсырды.

Бұйыл күріш егісінің ең мол өнімді учасоктері комбайнмен жыйналады. Қаратал МТС-і бұл жұмысқа өздігінен жүретін комбайндарды әдейі арнап қайта жабдықтады.

## НАН ПІСІРЕТІН КӘСІПОРЫНДАРДА

Қазақстанның нан пісіретін кәсіпорындары өнімнің ассортиментін молайтуда. Кәзір олар нан тағамдарының 30-дан аса түрін — ашытылған нан, баған, булка, бараңка, кекс, рулет пісіріп шығарады. Халық ерекше сүйсініп жейтін табыссыз отқа пісірілген нан өткен жылғымен салыстырғанда бес есе артық пісірілуде.

Нан тағамдары ассортиментінің молаюы, нан пісіру жұмыстарының кеңінен механикаландырудың нәтижесі. Алматының, Қарағандының, Семейдің кәсіпорындары ең жаңа техникамен жабдықталуда. Бірнеше заводтарда еңбектің барлық процесі механикаландырылған.

Кәзір Семей мен Қарағандыда нан пісіретін жаңа кәсіпорындар салынып жатыр.

(ҚазТАГ).

Бұл күндері темір жол бойларында МТС-тер үшін жүк әкеле жатқан эшелондарды көптеп көресіз. Олар еліміздің машина жасайтын заводтарынан келген жаңа техникаларды МТС орталығындағы, бәсебесе, оның жанындағы темір жол станцияларына әкеліп түсіруде.

Соңғы күндері Куйбышев атындағы, Калинин атындағы және Коновалов МТС-тері 18 жаңа «ДТ—54» тракторларын алды. Осы сияқты бұл станцияларға мал азығындық дақылдар егісі үшін шаршыуылы сеялқалар келді. Кәзір МТС-тер бұрын еш уақытта болмаған су скреперлері, бундзерлер сияқты жаңа техниканың түрлерімен қаруланды. Бұллар механизатор-



Советтік Қазақстанның қалаларында. АҚТӨБЕ. Карл Либкнехт көшесіндегі жаңа тұрғын үйлер. Суретті түсірген И. Будневич. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Биязы жүнді қой шаруашылығының рассаднигі

САРҚАНД. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Сарқанд ауданындағы «Энергия» колхозының қой өсірушілері биязы жүнді қоғамдық қойды қазақтың және кавказдың биязы жүнді қой тұқымдарымен бес жылдан бері жақсартып келеді. Тұқымдық саулықтардың отарлары жасалды. Колхоз өз қойшыларының қажырлы еңбегінің жемісін кәзірдің өзінде көре бастады. Мемлекетке жүн тапсырудан ғана 480 мың сом табыс алынды, бұл — өткен жылғыдан екі есе артық. Асыл тұқымды қойшылармен саулықтар сатудан бұдан да көп табыс алынады. Бірыңғай биязы жүнді қойдан құрылған қоғамдық қой отарлары бір жылдың ішінде үштің біріндей аса көбейді. Аға шопан Ілияс Асылбеков қазақтың биязы жүнді қойының өр-

Мамандардың бірнешеуі МТС-тердің штатына алынды және іріленген колхоздарда тұрақты жұмыс істеуге жіберілді.

## Жүгері егісі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығы аудандарында, соның ішінде Қазақстанның солтүстік аудандарында сүрленетін жүгері егісінің көлемін барыпша ұлғайту жөнінде шаралар қолдануды міндеттеді.


Бұйыл бұл дақыл біздің облысымызда алғашқы рет өсіріле бастады. Совхоздарда 600 гектардан астам жерге сүрленетін жүгері егісі егілген-ді. Кәзір жүгері егісін жыйнау барлық жерлерде аяқталды. Сүрленетін жүгері егісі өнімді көп берді. Мә-

## Колхоздар үшін

Облысымызда құрылыс материалдары күн сайын көптеп келуде. Ол материалдарды сату үшін барлық аудандық тұтынушылар одақтарында арнаулы магазиндер ашылды.

Колхоздар мен жеке пәтер үй салушылар құрылыс материалдарын қолма-қол сатып алуға. Мәселен, Мамлют ауданының колхоздары бұйыл өткен жылғымен салыстырғанда құрылыс ағаштарын 20 есе, ал шифрді 30 есе артық сатып алды.

Құрылыс материалдарының саудасы басқа аудандарда да қызу жүргізілуде. Н. НУРҒАЛИЕВ.



## Өскемен архитекторларында

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Таза, үлкен ақ қағазға төртқабатты үйдің көшеге қараған жағы сызылған. Үй қазақтың әсем ұлттық оюларымен әшекейленген. Бұл — Өскемен ауылшаруашылық техникумы үйінің жобасы. Оны «Казгостройпроект» республикалық институтының жергілікті бөлімшесі жасаған.

Өскеменнің архитекторлары тұрғын және мәдени-тұрмыстық үйлердің көптеген жаңа, ерекше жақсы ойластырылып сызылған жобаларын жасады. Ертіс жағалауында болатын үлкен сквердің жобасы жасалып бітуде жақын. Ол темір шарбақпен қоршалып, кіре берісіне бес метрлік порталдар орнатылады. Өзен жағын Алтай гранитімен әшекейлеу белгіленіп отыр. Өскемен байланыс үйінің жобасы жасалды. Ол айрықша архитектуралы ұшқабатты үй болады.

Архитекторлар 3-4 қабатты тұрғын үйлердің, жаңа базардың жобасын жасауға кірісті.

## ТЕМІРТАУ МЕТАЛШЫЛАРЫНДА

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Теміртаудың жөндеу-механикалық заводының металшылары Ұлы Октябрьдің 36 жылдығын лайықты табыспен қарсы алу үшін жарысуда.

Металшылар СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларына жауап ретінде жылдық өндіріс жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді. Механикалық және құю цехтарының коллективтері болат құю және электр станцияларына арналған жабдықтың запас бөлшектерін жасау графигін бір жарым ай бұрын орындады.

Заводтың металшылары колхоздар мен МТС-терге зор көмек көрсетуде. Георгий Мамышкіннің слесарьлар бригадасы Тельман ауданындағы «Центральный» колхозы үшін мұнай двигателін күрделі жөндеуден өткізіп, Осакаров ауданындағы «Коммунар» колхозына екі транспортер жасап берді. Кәзір Мамышкін жолдасының слесарьлар бригадасы Самарқанд МТС-нің токарлық станогін жөндеп жатыр.



# КОЛЛЕКТИВТІК ШАРТТАҒЫ МІНДЕТТЕМЕР МІНСІЗ ОРЫНДАЛСЫН

(Кәсіподақтар активтерінің қалалық жыйналысынан)

Коллективтік шарт—екі жақтық саяси шаруашылық міндеттеме. Бір жағынан ол шаруашылық орындарының еңбек ақы, еңбек сақтау, жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үй құрылысы және мәдени тұрмыс жағын жақсарту саласындағы міндеттемесі, екінші жағынан жұмысшылар мен қызметшілердің өндірістік тапсырмаларды мемлекеттік жоспарға сәйкес және өнімді барлық көрсеткіштер, түр-түрі бойынша мерзімінде, толық орындауы жөніндегі міндеттемесі болып табылады. Сондықтан да шаруашылық орындары мен кәсіподақ ұйымдары коллективтік шартта қабылданған міндеттемелерді мінсіз жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Қаланың бірқатар кәсіпорындарының басшылары мен кәсіподақ ұйымдары коллективтік шартта алынған міндеттемелердің орындалуына күнбе-күн басшылық жасаудың нәтижесінде өндірістік тапсырмалардың толық орындалуына жетісті. Мұндай кәсіпорындарының қатарына былғары, спирт-арақ, шошын құю-таразы заводтарын, нан комбинатын және темекі фабрикасын қосуға болады. Коллективтік шартта қабылданған міндеттемелерді барлық жағынан толық орындау жөнінде темекі фабрикасының басшылары мен кәсіподақ ұйымы (директоры Журавлев, фабрика кәсіподақ комитетінің председатели Пампур жолдастар) игілікті жұмыстар жасап отыр. Мұнда коллективтік шарттың орындалуы үнемі тексеріліп, оның қорытындылары жұмысшылар мен қызметшілердің көпшілік жыйналыстарында талқыланып тұрады. Фабрика дирекциясы мен кәсіподақ комитеті жұмысшылардың талаптарына үнемі құлақ асып отырады. Осының нәтижесінде фабрикада өндірістік тапсырма сан жағынан да, сапа жағынан да айдаң-айға толық орындалып келеді.

Бірақ, қалада мұндай кәсіпорындары өте аз. Кәсіподақтың қалалық актив жыйналысында атап көрсетілгеніндей, бірқатар кәсіпорындары мен кәсіподақ ұйымдары коллективтік шартта қабылданған міндеттемелердің орындалуына жеткілікті басшылық жасамайды. Мұның өзі шартта қабылданған міндеттемелердің қанағаттанғысыз орындалуына әкеліп соғып отыр. Осы жылғы өткен 8 ай ішінде қала өнеркәсіп орындарында тағайындалған өндірістік тапсырма 93,1 процент ғана орындалды. Жекелеген өнеркәсіп орындарында жағдай бұдан да нашарлап кетті. Мәселен, Киров атындағы заводта осы жылғы 8 айда өндірістік жоспар небары 74,8 процент ғана орындалды. Өткен жылғы жарты жылдықпен салыстырғанда үстіміздегі жылдың өткен алты айы ішінде заводта өнімнің түсер құны 26 процент қымбаттады. Шығарылған өнімде жіберілген ақаудан завод жүз мың сомдай зыян шекті.

Бұл завод директоры Билык, завод комитетінің председатели Балашов жолдастардың коллективтік шартта алынған міндеттемелерді орындауға жеңіл-желпі қарап, отан тыңғылықты басшылық жасамайтындығын көрсетеді. Мұнда осы күнге дейін коллективтік шарттың орындалуының бақысы тексеріліп, оның қорытындысы жұмысшылардың жыйналысында бірде-бір рет талқыланбаған.

Коллективтік шарттағы міндеттемелердің орындалуына басшылық шағын двигательдер заводында да тиісті дәрежеде емес. Бұл заводта өнімнің сапасын жақсарту, оның түсер құнын кеміту ісіне едәуір зыян тигізуде. Мұнда бірінші жарты жылдықта өнімнен ақау өткен жылмен салыстырғанда 2,5 процент көбейді. Ал, құю цехында ақау өткен жылмен салыстырғанда 10,2 процент артты.

Шартта қабылданған міндеттемелердің орындалуы жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындарында да қанағаттанғысыз. Осы жылғы 8 айда өнім шығару жоспары бұл кәсіпорындарында небары 89,2 процент орындалды. Бұл жылдық жоспардың жартысына да жетпейді. Әсіресе, Парик комбинаты атындағы аяқ киім фабрикасында, «Көзөмокка» тігін фабрикасында өнім шығарудың тапсырмалары айдаң-айға орындалмай келеді. Аталған кәсіпорындарында өнімнің түр-түрі кем шығарылады, оның сапасы да төмен. Өнімнен көп ақау кездеседі, ол қайтадан өңдеуге беріледі. Осыған қарамастан бұл фабрикалардың дирекциялары мен кәсіподақ ұйымдары шартта алынған міндеттемелердің орындалуы жөнінде ешбір қамқорлық жасамай, істі мүлде бетімен жіберуде. Фабрикада шарттың орындалуына бақылау әлі күнге нашар, оның қорытындылары кезінде тексерілген емес.

Шаруашылық орындары мен кәсіподақ ұйымдары жасасатын коллективтік шарттарының негізгі міндеттемелерінің бірі—жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық және тұрмыс дәрежесін барған сайын жақсы қамтамасыз ету. Жекелеген кәсіпорындары шарттың бұл пунктін ойдағыдай орындап келеді. Бірақ қаланы тұтас алғанда, шартта көрсетілген мұндай маңызды міндеттеменің жүзеге асырылуы да мез емес. Әсіресе, тұрғын үй салу және жөндеу жұмыстарының қаржыны өте баяу. Қаладағы 13 құрылыс ұйымдарының 12-сі жоспарларын орындай алмай келеді. Ет комбинаты жанындағы құрылыс ұйымы жұмысты мүлде нашар істейді. Мұнда тұрғын үй құрылысына бөлінген қаржы толық пайдаланылмайды. Бұл құрылыс ұйымы былай 1360 текшеметр көлемінде тұрғын үйді пайдалануға беруге тиіс еді. Алайда ол 1 сентябрьге дейін бірде-бір үйді пайдалануға берген жоқ. Осы сияқты аяқ киім фабрикасында тұрғын үй құрылысына жүз мың сом қаржы бөлінген еді. Фабрика дирекциясы мен кәсіподақ ұйымының шартта алынған міндеттемелерді толық орындау жөнінде ешбір қам жасамай, отан тыңғылықты басшылық жасамайтындығын көрсетеді. Мұнда осы күнге дейін коллективтік шарттың орындалуының бақысы тексеріліп, оның қорытындысы жұмысшылардың жыйналысында бірде-бір рет талқыланбаған.

Жуырда болып өткен кәсіподақ активінің жыйналысында шаруашылық орындары мен кәсіподақ ұйымдарының тұрғын үй салу, жөндеу сияқты, мәдени мекемелерді: клуб, балалар яслин, балалар бақшасын, қызыл мүйіздер салудың жайының да нашар екені әділ сыналды. Бұл мақсатқа мемлекеттен көп қаржы бөлінген. Бірақ шаруашылық орындарының басшылары мен кәсіподақ ұйымдары о қаржыны дұрыс пайдалануды, еңбекшілердің мәдени тұрмыс қажетін өтейтін барлық шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етпеді.

Коллективтік шартта қабылданған сауда орындарының жұмысын жақсарту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы да өз дәрежесінде деп айтуға болмайды. Кәсіпорындары мен кәсіподақ ұйымдарының басшылары магазиндердің, асханалардың, көпшілік тамақтанатын басқа да орындардың жұмысына жеткіліксіз басшылық жасайды. Соның салдарынан магазиндердің, асханалардың еңбекшілерді қамтуы әлі қанағаттанғысыз. Олардан еңбекшілер қажетті өнеркәсіп және азық-түлік товарларын мезгілінде сатып ала алмайды. Әсіресе, аяқ киім фабрикасы жанындағы асханада, № 5 асханада, «Север» ресторанында көпшілікті тамақтандыру ісі нашар. Бұларда тамақтың дайындалуының сапасы төмен, тағамның түрлері кем, қажетті ыдыстар жеткіліксіз.

Магазиндердің, асханалардың жұмысының тиісті дәрежеде емес екендігі қалалық сауда орнының директоры Шеголев, қалалық сауда бөлімінің меңгерушісі Ганушенко, асханалар мен ресторандар трестінің директоры Лопатков жолдастарға белгілі. Алайда, бұл жолдастар сауда орындарының жұмысын еңбекшілердің өскелең тұтыну қажетін өтеуге сай ұйымдастыруға жетісе алмай келеді. Олар өздеріне болған сыннан әлі күнге дейін тиісті қорытынды шығармай отыр. Бұл, сауда орындарында кемшіліктердің жойылмай, орын тебе беруіне әкеліп соғуда.

Партия мен Үкмет халықтың мәдени және тұрмыс дәрежесін барынша толық қанағаттандыру міндетін алға қойып отыр. Сондықтан шаруашылық орындары мен кәсіподақ ұйымдарының басшылары өздерінің коллективтік шартта қабылданған міндеттемелерін барлық жағынан толық орындап, еңбекшілердің өскен мәдени және тұрмыс қажетін ойдағыдай өтеуге жетісуге міндетті.

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Тағы да Балуан селосындағы оқу үйі туралы

Үстіміздегі жылдың март айында «Ленин туы» газетінде Октябрь ауданы Балуан селосындағы оқу үйінің еңбекшілер арасында үгіт-көпшілік және мәдени жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізе алмай отырғандығы қатты сынналған болатын. Бірақ, оқу үйінің меңгерушісі Сыздықова жолдас күні бүгінге дейін бұл сыннан тиісті қорытынды шығармай отыр. Мұнда оқу үйінің жұмысы мүлде бетімен жіберілген. Сыздықова жолдас оқу үйінде ешқандай үгіт-көпшілік жұмысын жүргізбейді. Тіпті, оқу үйінің жұмыс істеуінен жабық тұруы көп. Сондықтан колхозшылар қажетті саяси және көркем әдебиет кітаптарын деркесінде ала алмайды.

Оқу үйінің жұмысы ешбір жоспарсыз жүргізіледі. Мұндағы бар кітаптар саратанып жыйналмаған. Тіпті қажет кітаптарды тауып алудың өзі қиын.

Мұнда быйылғы жылы бірде-бір рет те оқушылар конференциясы, лекция, не баяндама оқу ұйымдастырылған жоқ.

Егін орағы кезінде оқу үйі колхоз мүшесі арасында ешқандай жұмыс жүргізбейді. Сыздықованың өзі бұл кезе ауыл үйде қонақтаумен болды.

Колхозды ауылдағы оқу үйі—мәдениет орталығы болып табылады. Ал, «Балуан» колхозының партия ұйымы бұл ақылқатты түсінбейтін сияқты.

А. ЖАҒЫПАРОВ.

## Колхозшылардың еңбек күндері дұрыс жазылсын

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде (Булаев ауданы) колхозшылар еңбек күнін жазу жұмысы бетімен жіберілген. Мұнда колхозшылардың еңбек күні ай аяғында бір-ақ жазылады, сондықтан да көптеген колхозшылардың еңбегі есептелінбей, ұмыт қалады. Мәселен, колхозшы А. Оспанов, А. Сүлейменов, Қ. Сәрсенов, С. Вақтыбаев жолдастардың өткен айда 12 күндік еңбек күндері мүлде жазылмаған.

Колхоз басқармасы колхозшылар еңбек күнін дұрыстап жазып отыруға жеткілікті мән бермей отыр. Мәселен, осы жылдың ішінде бригада есепшісі бір неше рет ауыстырылды.

Ендігі жерде колхоз басқармасы бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаруы керек.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

## Мүмкіншіліктер пайдаланылмайды

Ленин ауданындағы Аманжолды атындағы колхоздың басшылары қоғамдық маңызы жылы әрі жарық қорымен қамтамасыз ету ісін шын мәнінде ұйымдастыра алмай отыр. Мұнда қоралардың көпшілігін күрделі жөндеуден өткізу керек болса, бұл іс қолға да алынған жоқ. Колхозда қораларды жөндеуді ұйымдастыруға күш-құйм-

## Корей және совет халықтарының мәңгілік достығы жасасын

ПХЕНЬЯН, 21 сентябрь. (СОТА). Бүгін Кореяның барлық газеттері Совет Үкметі мен КХДР Үкмет Делегациясы арасында болған келіссөздердің нәтижелі аяқталуы туралы хабарды көрнекті жерге жариялауда.

«Нодон сямун» газеті бірінші бетте «Корей және совет халықтарының мәңгілік достығы жасасын!» деген заголовкамен Совет-корей мазмұндамасының тексті, Кремльдегі қонақасы туралы хабарды және Г. М. Маленков пен Ким Ир Сенин сөздері тексті жариялаған. «Нодон сямун» газеті «Корей және совет халықтарының ұлы достығы» деген басмақаласында былай деп жазады: КХДР Үкмет Делегациясы мен Совет Үкметі арасындағы келіссөздер кезінде КХДР мен ССРО арасындағы достық қатнасты одан әрі нығайту және дамытудың мәселелері, сол сияқты Кореяға байланысты мәселелерді бейбіт жолмен реттеу мәселелері талқыланды. КХДР мен ССРО арасындағы достық қатнастар мен ынтымақтастық корей және совет халықтарының мәңгілік мүдделеріне сай келеді, дүние жүзіндегі бейбітшілік ісін нығайтуға, Қызыл Шығыста бейбітшілік және хауіпсіздікті нығайту ісіне қосылған үлкен үлес болып табылады.

Корей халқы, деп жазады газет, ұлы совет халқына шексіз алғыс сезімін білдіреді және Совет Одағының достығына өз елдерінің жаңадан тулауының жеңілдігін көреді.

Келіссөздер кезінде қабылданған қаулылардың корей және совет халқы арасындағы достық қатнастарды одан әрі нығайту үшін, біздің еліміздің халық шаруашы-

лығын ойдағыдай қалпына келтіру және өркендету үшін аса зор маңызы бар.

Совет Одағының корей мәселесін бейбіт жолмен шешуге тұрақты және табанды түрде күресіп келе жатқандығын айта келіп, газет, Совет Одағының туысқандық көмегі корей халқы өзіннің халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету жолында жанқиярлық күреске жігерлендіретінін атап көрсетеді.

«Мишкку Чосон» газеті өзінің басмақаласын Москва келіссөздерінің қорытындысына арнаған. Мақалада былай делінген: Совет Үкметі мен КХДР Үкмет Делегациясы арасындағы келіссөздер туралы комюнике және ССРО Министрлер Советінің Председатели Маленков жолдас пен КХДР Министрлер Кабинетінің Председатели Ким Ир Сенин сөздерінің зор тарихи маңызы бар. Олар бүкіл корей халқы өз Отанын бейбіт жолмен біріктірудің ұлы ісіне және Қызыл Шығыста бейбітшілікті нығайтуға жігерлендіреді. Келіссөздер кезінде қабылданған қаулылар негізінде корей халқы Совет Одағынан халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету үшін құрал-жабдықтар, сол сияқты, өте ірі өндіріс кәсіпорындарын қалпына келтіру және қайта құру ісінде совет халқының баға жетпес көмегін алады.

Г. М. Маленков жолдасын корей халқының қабармандық күресі туралы сөзін мысалға келтіріп, газет былай деп жазады: біздің халқымыз өзін күресіне коммунизм құру жолында сеніммен келе жатқан социалистік держава—Совет Одағының берген бағасына мақтанады.

## КОРЕЙ ХАЛҚЫ СОВЕТ-КОРЕЙ КЕЛІССӨЗДЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАУДА

ПХЕНЬЯН, 21 сентябрь. (СОТА). Корей Үкмет Делегациясы мен Совет Одағы Үкметінің арасындағы келіссөздердің табысты аяқталуы туралы хабар бүкіл елге жерде таралды. Пхеньяның көптеген тұрғындары репродукторлар тұрған алаңдарға жыйналып, Москва радиосының корей тілінде берген Совет-Корей мазмұндамасын, сол сияқты, Г. М. Маленков пен Ким Ир Сенин осы жылғы 19 сентябрь-

де Кремльде болған қонақасыда сөйлеген сөздерін зор ынтымақтастықпен тыңдады.

Совет Одағының Солтүстік Кореяға, республика экономикасының негізі болып табылатын өндіріс кәсіпорындарын қалпына келтіруге көмектесетіндігі туралы хабар зор өрлеу үстінде тыңдалды. Корей бекшілері Совет Одағының қалтқысыз, туысқандық көмегіне шын жүректен алғыстарын білдірді.

## БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 8-ші СЕССИЯСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 21 сентябрь. (СОТА). 21 сентябрьде БҰҰ Бас Ассамблеясының пленум мәжілісінде жалпы айтыс қайтадан басталды: бірінші болып «жаңа соғыс хауіпін жою шаралары және халықаралық қатнастардағы шиеленісті бәсеңдету туралы» ССРО делегациясының басшысы А. Я. Вышинский ұзақ сөз сөйледі.

«А. Я. Вышинский атом мен сутегі қаруларын және басқа да жаппай қырып-жоютын қарулар түрлеріне тыйым салу және

қару-жарақты азайту туралы ұсынысы бар резолюция жобасын енгізді. Ол Бас Ассамблеяның атқанып арыз жобасын ұсынды, онда шетел мемлекеттерінің территориясында естібес базаларын салу, дүниежүзілік жаңа соғыс хауіпін күшейтеді және мемлекеттердің ұлттық тәуелсіздігін нашарлатады делінген» арыз жобасында және соғыс үгіті айыпталды.

Бүгінгі мәжілісте Либерия өкілі де сөз сөйледі.

## ЕГИПЕТТЕ ТҰТҚЫНҒА АЛУШЫЛЫҚ

КАИР, 21 сентябрь. (СОТА). Баспасөздерде 20 сентябрьдің түнінен 21 сентябрьге дейінгі түтқынға алушылық және

министрлер Ибрагим Фараг және Махмуд Сулейман Ганнам, бұрынғы премьер-ми-

Бір ұстазның үлгісіне оқушылар...



**Бір дистанцияның адамдары**

Петропавл темір жол дистанциясын поезбен үш сағат ішінде түгел аралап шығуға болады. Поезбен келе жатқанда сіз жол бойындағы околдқалардың қайдан басталып, қайдан аяқталғанын айыра да алмай қаласыз. Жолшылардың жатақханалары, өткелдердің шлагбаумдары көзге ілеспей артта қалып жатады. Жол бойында қандай өмір, қандай қызық барын, поездардың белгілі уақытында тоқтаусыз жүруін қағамасыз етіп тұрған кімдер екенін, олардың бұл секілді жауапты жұмысқа қаншалықты еңбек сіңіргенін білу де қиынға соғар еді.

Егер жол бойын жаулап өтсеңіз не қалғанының бәрін көресіз. Жолшылармен емін-еркін сөйлесіп, нелер қызық әңгімелерін тыңдайсыз. Мұның ең жақсы жері—жол бақылаушыларды қызу еңбек үстінде көру болар еді.

**ЖОЛ БАҚЫЛАУШЫ**

Міне, біз дистанцияны аралауға шықтық. Қолдан отырғызылған орман алқаптары жолмен қатарласа созылып жатыр. Оның арғы бетінің бәрі егін алаңы.

...Өткел. Бұл — Мария Жуның жұмыс істейтін орны. Әсем болған шлагбаум жоғары көтерілді. Темір жолды басып өтетіндерге жол ашық. Бірақ, ізінше шлагбаум төмен түсіріліп өткел жабылды.

—Мені уағқа қалдырғыларың келеді, сендерді! Жөк олай болмайды. Бұлдірділер жолды, түзгендер өздерін —деді бір адам машиналарымен өткелден өткелі келе жатқан шоферларға.

—Өтуге рұқсат етіңіз, айтқаныңызды істедік, —деді шоферлардың біреуі, әлгі адамға күлімсірей сөйлеп.

Темір жолшы —өткелші бұған сенбей, жолдың шоферлар бұлдірген жерін өзі барып байқап шықты да:

—Енді өтулеріңе рұқсат, —деді шоферларға жылы жүзбен.

Мария Михайловна Жуң жол бақылаушы болып бірнеше жылдан бері істейді. Ол өзінің күнбе-күнгі жұмысында ешбір сәтсіздікке жол берген емес. Мария Михайловна өзі қамтыттын жол бойынан ауыр жүк артқан поездар да, астық тартқан машиналар да бөгелмей жүріп тұрса екен дейді. Мария Михайловна Жуң бұл мақсатына адал еңбек ету, жолды күйраудан, бүлінуден сақтау арқылы жетіп те отыр.

**КІМ АЛДА**

Дистанцияда бірнеше жыл бойына жол бақылаушы болып істейтіндер көп. Солар-

дың бірі—Тимофей Иванович Ананьев. Өзіне тыңғылықтылығымен, ерінбей еңбек ететіндігімен теміржолшылардың сый-құрметіне ие болған ол. Істестері оны: «Жаяу жүрін жер шарын оран шыққан теміржолшы» деп те атайды.

Жолды әрқашан бапты ұстау, поездардың уақытылы жүруін қамтамасыз ету, вагондардың айналымын тездету, жүк тасудың түсер құнын кеміту ісіне өз үлес-терін қосу үшін дистанцияның жол бақылаушылары социалистік жарысқа ұнта-сып, көтеріңкі міндеттемелер алған еді. Жол бақылаушылар бұл міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Көп жол бақылаушылары социалистік жарыста үздік табыстарға жетуде. Олардың қатарында Тимофей Ананьев жолдас та бар. Ананьев жолдас дистанцияның өзіндей таңдаулы жол бақылаушысы Петровпен жарысқа түскен болатын. Қазір бұл екеуі жол бақылауда асқан шеберлік көрсетіп, алдыңғы қатарда келеді. Темір жолдың олар бақылайтын учасітінде ешбір мін жөк. Қай салмақтары жүк поездары, қандай жылдамдықта болсын графикаік мерзімінде жүрін турады.

**ЧЕРЕПОВТЫҢ БРИГАДАСЫ**

Жан-жағына ағаш егілген бір шағын үй тұр. Бұл—Николай Андреевич Черепов басқарған жол жөндейтін бригаданың жатақханасы. Бригада мүшелері жолдан табылған ақауларды жөндеуде дистанция-да үздік шыққан бригадалардың бірі. Бригаданың жол бойында істеген жұмыстарының бәрі «өте жақсы» және «жақсы» деген бағамен ғана қабылданылып жүр.

Черепов басқарған бригаданы жұмыс үстінде кездестірдік. Соңғы 10 күн бойы бригада темір жолдың майысып, нілуге айналған жерлерін жөндеуде жүр екен. Бригада жол жөндеуде жұмысты белгіленген мерзімде өте шапшаң істейді. Оның мүшелері жөндеу жұмыстарында әрбір операцияны «өте жақсы» деген бағаға менгеріп келеді.

Біз Черепов басқарған бригаданың жолды ауфляж әдісімен қалай түзейтініне сэр сала қарадық. Ең алдымен бригадир әрбір жұмысшыға тапсырма берді. Череповтың өзі жолдың жөнделетін буынына бөрмен төрт жерден белгі соқты. Ол мұны істегенінше бригада мүшелері шпалдарды қазып босатып та болды. Екі адам домкратпен жұмыс істеуге, бір адам бригадирмен бірге шпалдардың астын оңдауға, енді біреуі призмань әзірлеуге кірісті. Бе-

сінші адам бригадирдің тапсырмасымен жолдың жаңадан жөнделетін буынының шпалдарын қазып босатуға кетті. Бұл жерде бригадир де жолдың келесі жөнделетін жерін көріп, белгілеуге кірісті. Жұмыстың қай учасіті болсын тыңғылықты және қызу жүрін жатты. Әрбір операция жақсы атқарылды. Бұл бригада жұмысшыларының бір кісідей қыймылдап, өнімді еңбек етуінің, жол жөндеудің озат әдістерін батыл қолдануының нәтижесі еді.

Бригада мүшелері жұмысты жақсы істеумен қатар үнемі ізденіп те, үйреніп те отырады. Олар күнбе-күнгі жұмыстарында техникалық әрежелерді толық сақтайды.

**АҒА МАСТЕР**

Куприян Павлович Гульдің есімі бүкіл дистанция коллективіне мәлім. Коллективтің атағанындй, ол Петропавл теміржол бөлімшесіндегі механикаландырылған околотканың таңдаулы аға жол мастері.

Аға мастер, коммунист Куприян Гульдің околоткасына жұмыстың ең шешуші кезінде келдік. Аға мастер орта жөндеуден өткен жолды қабылдаудан өткізіп жатыр екен. Оның басқаруымен жөнделген жол біздің көзімізше ешбір ақаусыз қабылданып алынды.

Бұл Куприян Гульдің жөнделген жолды жақсы бағамен бірінші рет ғана өткізуі емес. Жолды белгіленген уақытта, сапалы жөндеу мастердің дағдылы ісі. Ол өз ісін жақсы біледі және коллективке де жұмыс істетеді біледі. Ол жолшыларды техниканы жете меңгеруге, атқаратын ісінң мааманы болуға үйретіп отырады. Сонымен бірге Гуль «мастермін» деп тұрмай, өзінің білмегенін қатардағы жұмысшылардан да сұрап біледі. Ол коллективтің құрмет-қолшеметіне, «таңдаулы аға мастер» деген атаққа осы сыяқты үлгілі істерімен ие болуда.

\*\*\*

Біз дистанцияның бірнеше околоткаларында болдық. Қай околотқаға барсақта, жол бақылаушылардың зор ынта-жігермен, адал еңбек етіп жатқанын көрдік. Әрбір бригадир, жол мастері, жол бақылаушы, өткел күзетшісі өздерінің зса жауапты және құрметті учасітке тұрғанын жақсы біледі. Бұл темір жол магистралының әрқашан бабында ұсталып, онымен поездардың қауыпсыз жүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп келеді.

**В. СИМОНОВ.**

**КІТАП МАГАЗИНІ АШЫЛДЫ**

Аудан еңбекшілерін кітаппен тыңғылықты қамту мақсатында Преснов ауданының орталығында кітап магазині ашылды. Алғашқы күні магазин меңгерушісі Павлин жолдас аудан жұртшылығына 500 сомның кітаптарын сатты. Өткен айдың 20 күні ішінде Павлин жолдас кітап сатудың айлық жоспарын 115 процент орындады.

кіншілік жеткілікті. Мәселе сол мүмкіншіліктерді пайдалана білуде болып отыр. Мұны колхоз басшылары жете ескертуге тиіс.

**Б. МҰСТАФИН.**

**ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР ДҰРЫС ЖЕТКІЗІЛСЕ ЕКЕН**

Мен үстіміздегі жылы Преснов почта бөлімі арқылы 10 дана газет-журналға жазылған едім. Июль айында осы аудандағы Киров жетіжылдық мектебіне оқытушы болып тағайындалуыма байланысты жазылған газет-журналдарды Архангельск почта бөлімі арқылы алатын етіп ауыстыртқан болатынмын. Бірақ, осы уақытқа дейін мен бұл газет журналдарымды мезгілінде және толық ала-алмай келемін. Көбінесе газет номерлері түгел келмейді.

Газет-журналдарды қашан дұрыстап алар екенмін?

**Б. РАМАЗАНОВ.**

**«Ленин туының» дабылынан кейін**

**«Сөз малға қора болмайды»**

Үстіміздегі жылдың 25 августында «Ленин туы» газетінде осы тақырыпта тілші хаты жарияланған еді. Онда Совет ауданы колхоздарының мал қораларын салу және жөндеу жұмысын кешіргісіз баяу жүргізіп отырғаны қатты сыналған болатын.

Совет аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Шалғынбаев жолдас бұл хат туралы редакцияға мынаны хабарлады:

«Мақаладағы фактілер толық расталды. Колхоздардағы мал қораларын салу және жөндеу жұмыстарын тез арада аяқтауға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді. Жуырда аудандық атқару комитетінің мәжілісінде мал қораларын салу және жөндеу жұмыстарын нашар жүргізіп отырған «Красное поле» және «Аралағаш» колхоздары председателдерінің баяндамасы тыңдалды. Бұл колхоздарға практикалық көмек көрсету үшін аудандық ауылшаруашылығы және дайындау бөлімінің құрылысшы-техниктері жіберілді».

Үстіміздегі жылдың 29 августында «Ленин туы» газетінде Совет ауданы, «Борьба за коммунизм» колхозында есеп жұмысының нашар жүргізіліп отырғандығы туралы «Еңбек тәртібі нашар» деген тілші хаты жарияланған-ды.

«Борьба за коммунизм» колхозының басқармасы бұл мақаланы өздерінің мәжілісінде талқылап, тілші хатындағы көрсетілген фактілерді дұрыс деп тапты. Есеп жұмысын ойдағыдай жүргізбегені үшін № 4 дала бригадасының есепшісі А. Әлкешов қызметтен босатылды. Колхозда есеп жұмысын жақсартуға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді.

Егінетің бұрынғы он саяси жерге мемлекет қайраткерлерінің сотқа берілетіндігі туралы ресми хабар жарияланды. Тұтқыдалғандардың ішінде бұрынғы

министр Махмуд Риаз, Каирдің бұрынғы генерал-губернаторы Камель Гавиш және басқалар бар.

Редактордың орынбасары **Ф. НҰРМОЛДИН.**

**ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕКІНШІ ЗАЕМЫНЫҢ 12-ҰТЫС ТИРАЖЫ**

Тираж 1953 жылғы 6 сентябрьде Симферополь қаласында өткізілді. Ұтыстар сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
020178	1—50	200	024723	1—50	200	030224	17*	1.000	036139	1—50	200
020317	26*	1.000	024747	47*	1.000	030345	01*	1.000	036185	22*	1.000
020408	1—50	200	024771	07*	1.000	030403	1—50	200	036224	12*	1.000
020415	42*	1.000	024970	1—50	200	030437	19*	1.000	036332	1—50	500
020461	15*	1.000	025034	49*	1.000	030495	01*	1.000	036384	49*	1.000
020588	18*	10.000	025305	1—50	200	030542	13*	1.000	036406	1—50	500
021072	30*	1.000	025377	13*	10.000	030789	26—50	200	036443	12*	1.000
021222	1—50	500	025432	14*	1.000	030941	1—50	500	036623	1—50	200
021256	50*	25.000	025660	38*	1.000	031005	15*	5.000	036682	26*	1.000
021295	41*	1.000	025792	17*	1.000	031050	05*	1.000	036688	22*	5.000
021533	50*	1.000	025919	1—50	500	031077	02*	1.000	036729	24*	1.000
021550	16*	1.000	026339	35*	1.000	031172	21*	1.000	037072	38*	1.000
021739	1—50	200	026362	30*	1.000	031173	08*	5.000	037133	1—50	200
021870	16*	1.000	026628	16*	1.000	031204	37*	1.000	037172	1—50	200
022050	44*	1.000	026721	01*	1.000	031538	14*	1.000	037179	42*	1.000
022124	37*	1.000	026756	1—50	500	031684	06*	1.000	037414	40*	1.000
022254	37*	1.000	026811	50*	5.000	031987	10*	1.000	037483	15*	10.000
022307	25*	1.000	026963	1—50	200	032055	24*	50.000	037561	1—50	500
022361	25*	1.000	027064	07*	1.000	032287	1—50	200	037883	18*	5.000
022446	1—50	200	027159	06*	1.000	032355	1—50	500	037889	30*	1.000
022466	1—50	200	027453	36*	1.000	032691	1—50	200	037916	10*	10.000
022641	03*	1.000	027875	32*	1.000	032702	44*	1.000	037938	30*	1.000
022678	1—50	200	027969	37*	1.000	032793	20*	1.000	037987	07*	1.000
022825	1—50	200	028139	1—50	500	033100	1—50	200	038274	36*	5.000
022890	06*	1.000	028379	1—50	200	033376	44*	5.000	038455	16*	1.000
022923	04*	1.000	028390	1—50	500	033377	16*	1.000	038854	1—50	500
023168	10*	1.000	028601	36*	1.000	033433	49*	1.000	038885	20*	1.000
023360	1—50	200	028646	1—50	500	033491	1—50	500	038896	46*	1.000
023371	45*	1.000	028688	41*	1.000	033696	43*	1.000	038907	38*	1.000
023486	1—50	200	028816	05*	1.000	034313	05*	1.000	039045	24*	1.000
023742	09*	1.000	028872	20*	1.000	034773	28*	25.000	039099	1—50	500
023937	1—50	500	029286	04*	1.000	035106	1—50	500	039197	06*	1.000
023942	39*	1.000	029373	1—50	500	035191	38*	1.000	039206	10*	1.000
023968	1—50	500	029534	1—50	200	035303	41*	1.000	039258	02*	5.000
024033	1—50	200	029627	48*	1.000	035370	1—50	200	039671	35*	1.000
024053	09*	10.000	029722	21*	5.000	035437	50*	1.000	039768	41*	1.000
024078	1—50	200	029861	1—50	500	035537	05*	1.000	039794	04*	1.000
024081	13*	1.000	029949	45*	1.000	035577	23*	1.000	039816	1—50	200
024266	18*	1.000	029982	35*	1.000	035663	07*	1.000	039830	13*	1.000
024424	42*	1.000	030064	42*	1.000	035829	41*	1.000	039841	1—50	500
024630	01*	1.000	030091	14*	1.000	036039	41*	5.000	039864	34*	1.000
024657	16*	1.000	030100	1—50	200	036070	1—50	200	039922	08*	1.000

\*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.



**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**  
«РИМСКИЙ-КОРСАКОВ»  
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады

**«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА**  
«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»  
Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.